

Астана қаласы әкімдігінің Р.Қошқарбаев атындағы «№ 44 орта мектептің ШЖҚ МКК 2023-2024 оқу жылында психологиялық қызметінің инклюзивті білім алушы оқушылармен атқарылатын жылдық жоспардың есебі.

2023-2024 оқу жылы ішінде инклюзивті білім беру бойынша жұмыс жоспарға сәйкес жасалынды. Қыркүйек айында толықтай мектеп бойынша мониторинг жүргізілді. Оқушылардың жеке істері, оның барысында жеке оқу бағдарламасы бойынша 12 оқушы анықталды.

Аталған оқушылармен жұмыс қыркүйек айынан бастап жүргізілді: педагогикалық-медициналық-психологиялық тексерістерімен таныстық, инклюзивті білім алушы оқушылар жайлы мәлімет, ата-аналардан кілісім парағы жиналды. Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында бастауыш сыныпта «Ағаш» проективті әдістемесі; орта буын оқушыларында мазасыздықты анықтау үшін «Филлипс» тесті және «Оқушылардың бейімделуін диагностикалау» Л. Тихомированың әдістемесі алынды, сонымен қатар был бойы балалардың сабақтағы тәртібін, мінез-құлқын анықтау мақсатында психологтар сабақтарға қатыстық. Зейіннің таңдамалылығын және кедергілерге көңіл аудармай іс-әрекетін тиянақты орындауын бағалау үшін «Мюнстенберг» әдістемесі қолданылды. Орындау ережесі: әріптерден тұратын текстің ішінде мағынасы бар сөздер кездеседі. Тексті мүмкіндігінше тезірек қарап шығып, әріптер арасындағы "жасырынып" тұрған сөздерді тауып, олардың астын сызып отыру керек.

Балалардың қиял ерекшеліктерін және психо-эмоционалды жағдайын анықтау үшін «Әлемде жоқ жануардың суретін сал» әдістемесі орындалды. Отбасыдағы қарым-қатынасты және эмоционалдық күйін зерттеу мақсатында қажеттілігіне қарай (кемінде жылына бір рет) «Менің отбасым» проективті әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме әсіресе мектепке дейінгі және орта жастағы ересек балалар үшін тиімді, егер баланың ауызша тапсырмаларды қағазға түсіру мүмкіндігі әлі болмаған кезде. Ол логикамен немесе нұсқаулармен емес, «жанымен сурет салады». Сондықтан осы техниканың арқасында алынған нәтижелер ең сенімді болып саналады.

Түзету-дамытушылық бағыт барысында келесі тренингтер, ойындар жүргізілді: «Біз –бақытты балдырған» тренингі, қолды буыннан қимылдатуды үйрету үшін «Алақан» жаттығулары мен ойындары, «Мен және менің ортам» тренингі, сенсорлы қабылдауды дамытушы тренингі, «Менің өмірдегі орным» тренингі.

Бір жыл ішінде білім алушыларға және олардың ата аналарына ППС тобының мамандары түрлі көмек көрсетті:

- психологиялық-педагогикалық консультациялар;
- оқушылармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын сынып оқушыларымен әңгімелесу;


- Мұғалімдерге әдістемелік ұсынымдар әзірленді және балалармен қарым-қатынас бойынша оқушыларға ерекше білім беру қажеттіліктері;

- Әлеуметтік педагогтың ерекше білім қажет ететін оқушылармен бала құқықтары мәселелері бойынша консультациялары;

Педагогтарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше білімі бар оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерде туындайтын қиындықтарды жоюға, оларға өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін жан-жақты көмек көрсетуге бағытталды.

Тәрбие бөлімімен бірлесе отырып оқушыларды қоғамдық жұмыстарға, мерекелік іс-шараларға бейімді қатысуы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ата-аналармен танысу жиналысы, әрі қарай баланың даму динамикасы жөнінде, диагностика қорытындыларымен таныстыру, туындаған мәселелер бойынша кеңес беру жұмыстары жыл бойына жүргізіліп отырды.

Педагог-психолог:



Нурбулатова Ж.Н.
Зейтказиева Ш.Е.